

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің "Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесін бекіту туралы" 2017 жылғы 29 тамыздағы № 327 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 153/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 22655 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 327 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15980 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесі осы бұйрыққа қоса берілген қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің

2021 жылғы 28 сәуірдегі
№ 153/НҚ Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің

2017 жылғы 29 тамыздағы
№ 327 бұйрығымен
бекітілген

Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 1-тармағының 6-8) тармақшасына сәйкес әзірленді және байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеуді жүргізу рәсімінде қолдануға арналған.

2. Әдістемеді пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) байланыстың қолжетімділігі (қосылуды орнатудың қолжетімділігі) – шақырылып және шақырып отырған абоненттер арасында талап етілетін қосылуды орнату ықтималдығы;

2) байланыстың қолжетімділік көрсеткіші – жасалған шақыру талаптарының жалпы санынан сәтті шақырулар үлесі;

3) байланыстың үздіксіздігі (орнатылған қосылудың сақталуы) – екі абоненттің арасында орнатылған қосылудың оларға тәуелсіз себептер бойынша уақытынан бұрын ажырамауы;

4) байланыс үздіксіздігінің көрсеткіші – абоненттің бастамасы бойынша орнатылған қосылудың ажыраумен аяқталатын шақырулар үлесі;

5) бақылап шығу – мобильдік өлшеу кешенін белгілі бір бағдар бойынша қозғалыста қолдана отырып, техникалық өлшемдерді өлшеу әдісі;

6) бақылау шақыру – мобильдік өлшеу кешені, тасымалданатын өлшеу кешені не арнайы бағдарламалық қамтылым орнатылған мобильдік телефон бастамалайтын шақыру;

7) дауыстық үлгі – бақылау шақыру кезінде айналған милисекундтағы белгілі ұзақтықтағы дыбыстық фрагмент;

- 8) деректерді өңдеу жүйесі – деректерді өңдеуді қамтамасыз ететін техникалық және бағдарламалық құралдардың жиынтығынан тұратын жүйе;
- 9) жүргізілетін өлшеу орындарының жіктеуіші – өлшеу жүргізілетін қоршаған ортаны әкімшілік бөлінуі, жүргізілетін өлшеулердің түрі, ұйымдастырушылық қызмет түрі бойынша (жоспардан тыс, жоспарлы) бөлу;
- 10) жылжымалы өлшеу кешені – өлшеуді орындау міндеттерін шешу үшін қолданылатын автомобиль базасындағы аппараттық құрылғылардың мобильдік өлшеу кешені;
- 11) қамту – абоненттің ұялы байланыс желісі мен оның сервистеріне қол жеткізу мүмкіндігін айқындайтын ұялы байланыс желісінің ерекшелігі;
- 12) қызмет сапасының көрсеткіші – байланыс операторының байланыс қызметтерін көрсету және абонеттерге қызмет көрсету бойынша қызметінің нәтижесін айқындайтын, сапа өлшемдерінен есептеу арқылы алынған, қызметтердің сандық сипаттамасы;
- 13) мобильдік өлшеу кешені – өлшеуді орындау міндеттерін шешу үшін қолданылатын аппараттық құрылғылардың жылжымалы немесе тасымалданатын кешені;
- 14) мобильдік телефон және (немесе) модем – байланыс сеанстарын жүзеге асыру және қолдау функциясын қолдайтын аппараттық құрылғы;
- 15) навигациялық құрылғы – құрылғының Жердегі ағымдағы орналасқан орнын айқындау мақсатында спутниктік навигация жүйесінен сигнал алатын құрылғы;
- 16) орнатылған қосылудың уақыттан бұрын ажырауы – абоненттің бастамасынсыз қосылуды (әңгімені) тоқтату;
- 17) өлшеу кешені – құрамына өлшеуді орындау міндеттерін шешу үшін қолданылатын техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтылым кіретін аппараттық құрылғылар кешені;
- 18) сәтсіз шақырулар – желінің түрлі учаскелеріндегі бұғаттауларға және техникалық ақауларға байланысты жоғалған шақырулар;
- 19) сәтсіз шақырулардың үлесі – сәтсіз шақырулардың өлшеу кезеңіндегі бақылау шақырулардың жалпы санына пайызбен немесе абсолюттік шамамен көрсетілген қатынасы;
- 20) сәтті шақырулар – шақырылатын абоненттің жауап бермеуін немесе бос болмауын қоса алғанда, шақырылатын абонент станциясының жауабымен аяқталған шақырулар және/немесе абоненттің қызмет көрсету аймағынан тыс болуы немесе оның аппаратының сөндірілуі туралы оператордың жауабымен аяқталған шақырулар;
- 21) сканерлейтін қабылдағыш – ұялы байланыстың радиожелілері сигналдарын және техникалық өлшемдерін тіркеуге арналған аспап;
- 22) сөздерді жеткізу сапасы – байланыс жүйесіне түскен ақпараттық сигнал сөздерін (дауыс қаттылығы, түсініктілігі) жеткізу өлшемдері сипаттамаларының жиынтығы;

23) сөздерді жеткізу сапасы бойынша нормативтерді қанағаттандырмайтын шақырулардың үлесі – сөздерді жеткізу сапасы бойынша нормативтерді қанағаттандырмайтын шақырулардың (орнатылған қосылулардың) өлшеу кезеңіндегі бақылау шақырулардың жалпы санына пайызбен көрсетілген қатынасы;

24) сөздің анықтығы – жалпы айтылған сөйлеу элементтерінің жалпы санынан тыңдаушылар дұрыс қабылдаған салыстырмалы немесе пайыздық саны;

25) таймаут – мерзімі өткен соң келесі виртуалды оқиғаларға көшетін тіркелген уақыт аралығы;

26) тасымалданатын өлшеу кешені – құрамына жергілікті жерлер мен үй-жайларда өлшеуді орындау міндеттерін шешу үшін қолданылатын техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтылым кіретін аппараттық құрылғылардың аз габаритті мобильдік кешені;

27) техникалық өлшем – өлшеу нәтижесінде алынған қызметтердің сандық сипаттамасы;

28) ұялы байланыс қызметтерінің сапасы – абоненттің мәлімделген, орнатылған және тапсырыс берілген қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін айқындайтын, телекоммуникациялық қызметтердің тұтынушылық қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштердің жиынтығы;

29) ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу (бұдан әрі – өлшеу) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен тәжірибелік жолмен қажетті шаманың мәнін табу.

3. Осы Әдістемеді мынадай қысқартулар қолданылады:

2G – екінші буынды ұялы байланыс технологиясы;

3G – үшінші буынды ұялы байланыс технологиясы;

4G – төртінші буынды ұялы байланыс технологиясы;

BCCH (Broadcast Common Control Channel) – 2G желісіндегі кең тарату арнасы;

dBm – 1mw-ға жататын dB сигналының өлшенген қуаты;

EDGE (Enhanced Data rates for GSM Evolution) – 2G желілеріндегі жоғары жылдамдықты деректер беру жүйесі;

FTP (file transmission protocol) – файлдарды жіберу хаттамасы;

GPRS (General Packet Radio Service) – пакеттік деректер беру жүйесі;

GPS (Global Positioning System) – жаһандық позициялау жүйесі;

HLR (Home Location Register) – "үйдегі" абоненттер тізілімі;

HTTP (HyperText Transfer Protocol) — берудің қолданбалы деңгейінің хаттамасы;

MOS (Mean Opinion Score) – сөйлеу сапасын орташаланған сараптамалық бағалау;

POLQA (Perceptual Objective Listening Quality Assessment) – жаңа буынды сөйлеуінің анықтығын бағалау алгоритмі;

RSSI - 2G технологиясындағы сигнал деңгейінің көрсеткіші;

QoS (Quality of Service) – қызмет көрсету сапасы;

SIM – абонентті сәйкестендіру үшін ұялы байланыста қолданылатын модуль-карта;
SMS (Short Message Service) – қысқа мәтінді хабарламалар сервисі;
SQI (Speech Quality Index) – сөйлеу сапасының индексі.

4. Қазақстан Республикасының байланыс желілеріндегі байланыстың желісі, ұялы байланыстың дауыстық қызметі мен жылжымалы байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу сапасының техникалық өлшемдері өлшеу объектісі болып табылады.

5. Байланыс желілеріндегі ұялы байланыстың дауыстық қызметінің және байланыстың жылжымалы желілері арқылы интернетке қол жеткізудің техникалық өлшемдері қосылулардың мынадай түрлері үшін өлшенеді:

шақыру орнатылған кезде дауыстық ақпаратты қабылдау/жіберу үшін;
бақылау сессияларын орнатқан кезде деректерді қабылдау/жіберу үшін.

Ұялы байланыс сапасының техникалық өлшемдері сканерлейтін қабылдағыш көмегімен байланыс қызметтерінің сапасын бағалаумен бір мезгілде өлшенеді.

2-тарау. Өлшеулерді орындау шарттары

6. Өлшеулер ұялы байланыс желісін шамадан артық жүктемесіз, кідірулерсіз пайдалану режимінде, ұялы байланыс жабдығы мен пайдаланылатын өлшеу құралдарының пайдалану құжаттарында көрсетілген климаттық жағдайларда, миграциядан немесе қызметтерді пайдаланудың типтік емес бейінінен туындаған (мереке күндері, жаппай іс-шаралар, техногендік оқиғалар) желіге аномальды жүктемеден тыс кезеңдерде жүргізіледі.

7. Өлшеу жергілікті жердің электрондық карталарын және (немесе) қағаз тасығыштағы жергілікті жердің карталарын пайдаланумен жүргізіледі.

8. Өлшеу нүктелерінің географиялық координаталарын айқындау үшін өлшеу жабдығының құрамына кіретін немесе мобильдік терминалға кіріктірілген навигациялық құрылғы пайдаланылады.

9. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу кезінде мынадай шарттар болжамдалады:

ұялы байланыс желінің жабдығы дайын жай-күйінде;

бағдардың екінші жағында "шақырушы абонент - шақырылатын абонент" тізбегіндегі абоненттің жабдығы шақыруға жауап беруге дайын.

10. Өлшеу кешендері мен қосалқы жабдық техникалық құжаттамаға сәйкес жұмысқа дайыналады.

11. Өлшеу бағдары жоспарланатын өлшеу учаскесінде ұялы байланыс желісінің болуын ескере отырып, сондай-ақ оператордың лицензиялық міндеттемелеріне сәйкес жоспарланады. Өлшеу бағдары осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес бағдарлардың сипаттамасы негізінде жасалады.

12. Өлшеуді орындаған кезде мыналар сақталады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11147 болып тіркелген) бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын мемлекеттік гигиеналық нормативтердің талаптары;

2) қолданылатын өлшеу құрылғыларын пайдалану жөніндегі нұсқауда белгіленген қауіпсіздік талаптары.

33-тарау. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлеріне өлшеу жүргізу рәсімі

1-Параграф . Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлерін өлшеу әдісі

13. Өлшеулер байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштерін бағалау үшін бақылау шақыру әдісі және жылжымалы байланыс желілері арқылы интернетке қол жеткізу қызметтері сапасының көрсеткіштерін бағалау үшін бақылау сессиялары әдісімен жүргізіледі.

14. Әрбір бақылау шақыруды/бақылау сессиясын орындаған кезде қосылудың мәртебесін сипаттайтын виртуалдық нүктелер тіркеледі. Техникалық өлшемдерді өлшеу осы негізгі нүктелер бойынша жүргізіледі.

15. Бақылау шақырулары шығыс және кіріс шақыру үшін кезекпен орындалады.

16. Бақылау шақырулары бір мобильдік телефоннан:

басқа мобильдік телефонға дейін;

тіркелген байланыс операторының желісіне (тіркелген телефон байланысы) қосылған стационарлық телефон аппараттарына (автожауапбергіш) жүргізіледі.

2-параграф. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеуге қолданылатын құралдар

17. Құралдар:

1) жылжымалы өлшеу кешендері;

2) тасымалданатын өлшеу кешендері;

3) арнайы бағдарламалық қамтылым орнатылған мобильдік телефондар және (немесе) модемдер болып бөлінеді.

18. Жылжымалы өлшеу кешені мынадай бөліктерден тұрады:

1) сканерлейтін қабылдағыш;

2) мобильдік телефондар және (немесе) модемдер;

3) сыртқы антенналар (конфигурацияға байланысты);

4) деректерді өңдеу жүйелері;

5) навигациялық құрылғылар;

6) қосалқы жабдық.

Өлшеу кешенінің құрамы мен қосылу схемасы осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

19. Тасымалданатын өлшеу кешені мыналардан тұрады:

- 1) мобильдік телефондар және (немесе) модемдер;
- 2) контроллер;

Қажет болған жағдайда, тасымалданатын өлшеу кешеніне сканерлейтін қабылдағыш және (немесе) навигациялық құрылғы қосылады.

Өлшеу кешенінің құрамы мен қосылу схемасы осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

20. Техникалық өлшемдерге өлшеу жүргізуге арналған мобильдік телефон:

- 1) мобильдік құрылғыдан;
- 2) мобильдік құрылғыға орнатылған ұялы байланыс желісінде өлшеулер жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық қамтылымынан тұрады.

3-параграф. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеуді орындаудың бірізділігі

21. Өлшеу мынадай бірізділікпен жүргізіледі:

- 1) бақылау кірмелері жоспарланған аумақ анықталады;
- 2) таңдап алынған аумақ шекарасына мобильдік өлшеу кешенінің өлшеу бағдары схемасы анықталады;
- 3) өлшеу құралдары оларға қоса берілген пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес талап етілетін өлшемдерін өлшеу үшін күйге келтіріледі;
- 4) қажетті техникалық өлшемдерді автоматты режимде өлшеу жүргізіледі;
- 5) өлшеу нәтижелері одан әрі өңдеу мен есептеу үшін сақталады.

22. Бақылап шығу нәтижесінде әрбір бағдар үшін жылжымалы байланыс қызметтерінің мынадай өлшемдерінің нәтижелері графикалық және кесте нысандарында алынып, автоматты түрде қалыптастырылады:

ұялы байланыспен қамту сапасын сипаттайтын өлшемдер;

байланыстың қолжетімділік көрсеткіштерін, байланыстың үздіксіздігін бағалауға арналған өлшемдер;

телефондық қосылуды белгілеудің орташа уақыты мен жауап сигналының кідіру уақытының мөлшерін бағалауға арналған өлшемдер;

сөздің орташа айқындылығын бағалауға арналған өлшемдер;

Интернетке қол жеткізу қызметін сипаттайтын өлшемдер.

23. Ұялы байланыспен қамту сапасын сипаттайтын өлшемдерді өлшеу 2G, 3G, 4G желілерінде бір уақытта (операторлар зерттелетін аумақта қолданатын технологиялар мен жиіліктер диапазондарына сәйкес) сканерлейтін қабылдағыштың көмегімен орындалады. Сканерлейтін қабылдағыш әрбір өлшенетін сипаттаманы өлшеу нәтижесін әр зерттеліп отырған желіде кем дегенде секундына бір рет тіркеуді

қамтамасыз етуі тиіс. Өлшеулер шығаратын антенналарды пайдалана отырып орындалады. Сканерлейтін қабылдағыштың шығарылатын антенналары сигналды күшін азайтатын құрылғылар пайдаланусыз қосылады.

Өлшеу процесінде:

2G технологиясы негізінде желілерде қабылданатын BCCH сигналдарының ең жақсы RSSI деңгейі;

3G технологиясы негізінде желілерде қабылданатын CPICH RSCP пилоттық сигналдарының ең жақсы деңгейі;

пилоттық арна чипінің қабылданған қуатының 3G технологиясының Ec/Jo жолағында қабылданған жалпы қуат тығыздығына қатынасын;

4G технологиясы негізінде желілерде қабылданатын RSRP тірек сигналдарының ең жақсы деңгейін қоса алғанда, радиомен қамту сипаттамаларын тіркеу орындалады.

24. Байланыстың қолжетімділік, үздіксіздік көрсеткіштерін бағалау осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген негізгі техникалық өлшемдерді өлшеу цикліне сәйкес жүргізіледі. Қосылуды белгілеу уақыты мен сәтті қосылу уақыты өткен соң қайта қосылуды орнату әрекеті өлшеу нәтижелерінде сәтсіз ретінде ескеріледі. Өлшеудің максималды жалпы ұзақтығы шақыруды аяқтау мен қорғау үзілісінің ұзақтығынан аспауы тиіс.

25. Телефондық қосылуды белгілеудің орташа уақытын бағалау үшін өлшеу кешенімен тіркелген өлшемдер қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, түсіндіруге жатады.

26. Сөздің орташа анықтылығын бағалау үшін өлшемдерді өлшеу POLQA алгоритмін пайдалана отырып жүргізіледі.

Өлшеу сөйлеу сапасының орташа бағалау мәні дауыстық үлгілер сапасын бағалау мәндері жалпы сомасының дауыстық үлгілер санына қатынасы ретінде есептелетін әдіспен жүргізіледі.

Сөйлеудің орташа анықтылығын бағалау өлшемдері бәріне жіберілген сөйлеу бірізділіктер үшін сөйлеу сапасының көрсеткіштерін бағалауды қамтитын статистикалық өңдеу нәтижесі ретінде есептеледі.

27. Интернетке қол жеткізу қызметі сапасының өлшемдерін өлшеу түрлі сервистерге арналған тестілердің қайталама циклі негізінде орындалады. Интернетке қол жеткізу қызметі сапасының өлшемдерін тестілеу циклі осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген.

28. Өлшеу барысында әрбір тестілеу желісі үшін тестілеуді орындаудың тең жағдайларын қамтамасыз ететін және топология мен аппараттық платформа өнімділігінің өлшеу нәтижелерінің дұрыстығына әсерін жоққа шығаратын арнайы жергілікті сервер пайдаланылады. Жергілікті сервер IP-трафик алмасу нүктесіне қосылады және тестілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді. Жергілікті сервер "эталондық" Web-парақшаны орналастыруға арналған.

29. Көлік арналарының өткізу қабілеті деректерді беру жылдамдығын шектемейді.

4-параграф. Ұялы байланыс қыметтері сапасын өлшеу қателіктерінің сипаттамасы және нәтижелерінің дәлдігін бақылау

30. Тиісті дәлдікті қамтамасыз етуге арналған бақылау шақыруларының/ бақылау сессияларының саны өлшеулер жүргізіліп жатқан орындардың кластарына байланысты айқындалады.

31. Өлшеулер жүргізілетін өлшеу орындарының жіктеуіші осы Әдістемеге 5-қосымшада келтірілген.

32. Жергілікті жердің Д0, Д1, Д2 сыныптары бойынша өлшеу жүргізу кезінде телекоммуникация желілері мен құралдарының техникалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін нормалар, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16064 болып тіркелген) бекітілген байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5573 болып тіркелген) бекітілген тарификация бірліктерінің өлшемдері тиісті есептелетін көрсеткіш үшін күтілетін көрсеткіш ретінде қабылданады. Бақылау шақыруларының/ бақылау сессияларының саны 95 % сенімді ықтималдылық кезінде 15 %-дан аспайтын салыстырмалы қателікпен әрбір параметрдің бағасын алу үшін жеткілікті болуы керек.

33. Сенімді ықтималдық $a = 95\%$ және 15% салыстырмалы қателік кезінде қажетті бақылау шақырулардың/бақылау сессиялардың ең аз саны осы Әдістеменің 6-қосымшасында келтірілген.

34. ДЗ, С1С, О1С кластар үшін бақылау шақыруларының қажетті санын есептеу нормаларды кепілденген сақтау/бұзу шекараларын белгілей отырып, толеранттық шектердің алгоритмі пайдаланумен жүргізіледі. Толеранттық шектер алгоритмінің сипаттамасы осы Әдістемедегі 7-қосымшада келтірілген.

Дыбыстық байланыс қызметтері сапасының параметрлерін және деректерді берудің орташа жылдамдығын өлшеу кезінде бақылау шақыруларының (бақылау сессияларының) саны нақты мәнге тең, бірақ дыбыстық байланыс қызметтерінің сапасын, оның ішінде сөзді жеткізу сапасын бағалау үшін кемінде 98 бақылау шақырулары және деректерді беру жылдамдығын бағалау үшін 58 сессия қабылданады.

35. Өлшеу нәтижелерінің дәлдігін бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18094 болып тіркелген) бекітілген өлшем құралдарын салыстырып тексеруді жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің кезеңділігін белгілеу қағидаларына және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификат нысанына сәйкес өлшем

бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде (ҚР МӨЖ) тіркелген өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелеріне сәйкес аккредиттелген салыстырып тексеру зертханаларында қолданылатын өлшем құралдарын салыстырып тексеру жүргізіледі.

5-параграф. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу нәтижелерін өңдеу және есептеу алгоритмдері

36. Өлшеу жолымен алынған техникалық өлшемдерді өңдегеннен кейін ұялы байланыс қызметінің сапасын сипаттайтын көрсеткіштер есептеледі. Ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдері осы Әдістеменің 8-қосымшасында көрсетілген.

37. Ұялы байланыс (тіркелген телефондық) желісі абонентімен қосылуды орнату кезінде шақырудың жалпы санынан сәтсіз шақырулар үлесінің (байланыстың қолжетімділік көрсеткіші) көрсеткіші тестік дауыстық қосылулардың жалпы санына дыбыстық қосылулардың орнатылуының сәтсіз әрекеттер санына қатынасы ретінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{Q}{N} \times 100\%,$$

мұнда:

Q – дауыстық қосылысты белгілеудің сәтсіз әрекетінің саны;

N – тестік дауыстық қосылыстарды орнату әрекеттерінің жалпы саны.

38. Абоненттің бастамасынсыз орнатылған қосылудың мерзімінен бұрын ажырауымен аяқталған шақырулар үлесінің (үзіліссіз байланыс көрсеткіші) көрсеткіші абоненттің бастамасынсыз аяқталған қосылулар мөлшеріне сәтті шақырудың жалпы мөлшеріне қатынас ретінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{R}{N} * 100\%,$$

мұнда:

R – мобильдік терминалдың бастамасынсыз аяқталған қосылыстар саны;

N – сәтті шақырулардың жалпы саны.

39. Сол өңірдің ұялы байланыс желісінде аяқталған ұялы байланыс желісінде қосылуды орнатудың орташа уақытының көрсеткіші өлшемдері тіркелген қосылу санына қосылуды орнатудың уақыт өлшемдерінің мәнінің сомасына қатынасы ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{E}{N} * 100\%,$$

мұнда:

E – қосылыстың белгіленген уақыт өлшемі бойынша жиынтық;

N – тестілік дауыстық қосылыстардың жалпы саны.

40. Сөзді жеткізу сапасы бойынша нормативті қанағаттандырмайтын шақырулар үлесінің көрсеткіші тестілік дауыстық үлгілердің жалпы санына сөздің төмен айқындылығымен қабылданған дауыстық үлгілердің санына қатынасы ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{N < 2,8}{N} * 100\%,$$

мұнда:

$N < 2,8$ – сөйлеудің анық төмендігі бар қабылданған мәтіндік дауыстық үлгілердің саны (MOS POLQA < 2,8);

N – тестілік дауыстық үлгілердің жалпы саны.

41. Web-бетті жүктеудің сәтті сессияларының үлесі – HTTP. Көрсеткіштің есебі Attach процедурасын орындау әрекетінің жалпы санын ескере отырып орындалады. Attach процедурасы web-бетті жүктеу тестінің әрбір циклына қосылған. Көрсеткіштің есебі мынадай формула бойынша орындалады:

$$\text{Мәні} = \frac{P}{N} * 100\%,$$

мұнда:

P – WEB-парақшаны жүктеу сессияларының сәтті әрекеттері саны;

N – WEB- парақшаны жүктеу сессияларының жалпы саны.

42. HTTP серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессиялары үлесінің көрсеткіші. Көрсеткішті есептеу Attach рәсімін орындау әрекеттерінің жалпы санын ескере отырып орындалады. Attach рәсімі деректерді жүктеуді тестілеу сессиясын орындаудың әрбір цикліне енгізілген және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{D}{N} * 100\%,$$

мұнда:

D – HTTP серверінен сәтті деректерді жүктеу сессияларының саны;

N – HTTP серверінен деректерді жүктеу сессияларының жалпы саны.

43. FTP серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессиялары үлесінің көрсеткіші. Көрсеткішті есептеу Attach рәсімін орындау әрекеттерінің жалпы санын ескере отырып орындалады. Attach рәсімі деректерді жүктеуді тестілеу сессиясын орындаудың әрбір цикліне енгізілген және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Мәні} = \frac{H}{N} * 100\%,$$

мұнда:

H – FTP серверінен сәтті деректерді жүктеу сессияларының саны;

N – FTP серверінен деректерді жүктеу сессияларының жалпы саны.

44. Деректерді FTP серверінен жүктеудің орташа жылдамдығы мәндері үлесінің көрсеткіші "төмен" желі бойынша технологияға байланысты шекті мәннен аз болады:

$$\text{Мәні} = \frac{R}{N} * 100\%,$$

мұнда:

R – сессиялар саны, мұнда деректерді FTP серверінен жүктеу орташа жылдамдығы көрсеткішінің мәні шекті мәннен аз болады;

N – деректерді FTP серверінен жүктеу сессияларының жалпы саны.

45. Сипатталған сессиялардың кез келгені (дауыстық немесе деректерді беру), егер ол уақытында аяқталмаса немесе тестілік кешеннен SIM-карта құрылғысының теңгерімінде қаражаттың болмауы себебінен басталмаса, есепке алынбайды.

6-параграф. Өлшеу нәтижелерін ұсыну нысандары

46. Өлшеу жүргізу қорытындылары бойынша осы Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу нәтижелері туралы есеп қалыптастырылады.

4-тарау. Тіркелген байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеуді орындау шарттары

1-параграф. Тіркелген байланыс желілері арқылы сапа параметрлерін өлшеуді орындау шарттары

47. Өлшеулер тіркелген байланыс желілерінің жабдықтарына және пайдаланылатын өлшеу құралдарына арналған пайдалану құжаттарында көрсетілген климаттық жағдайларда артық жүктемесіз, іркіліссіз тіркелген байланыс желілерін пайдалану режимінде жүргізіледі.

48. Желіге (мереке күндері, жаппай іс-шаралар, техногендік оқиғалар) аномальды жүктеме кезеңінде өлшеулерді жүргізілмейді.

49. Деректерді беру сапасының техникалық өлшемдерін өлшеу өлшенетін портты оның өткізу қабілетінің 80%-нан аспайтын жүктеу шартымен жүргізіледі.

50. Тестілік портативтік компьютерлерде (ноутбуктерде) аспаптық бақылау жүргізу кезінде кесірінен орталық процессордың жүктемесі артатын немесе желі бойынша деректер берілетін вирусқа қарсы және өзге де бағдарламаларды ажырату қажет.

51. Абоненттің жергілікті желісінен аспаптық бақылау жүргізу кезінде өлшеу құралдарын қоспағанда, барлық желілік құрылғылар (оның ішінде клиенттік маршрутизаторлар) физикалық түрде ажыратылуы тиіс.

52. Тесттік файлдар қысылмайтын деректерден тұруы керек.

53. Тесттік файлдың ең аз көлемі өлшенетін қосылыстың деректерін беру жылдамдығының теориялық ең жоғары мәнінен екі есе артық болуы тиіс.

54. Өлшеу процесінің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында байланыс операторы өзінің деректер беру желісінде орналасқан байланыс арнасы қосылған тестілік серверіне қолжетімділік береді.

55. Ұсынылатын байланыс арнасының негізгі сапалық сипаттамаларын өлшеу үшін байланыс операторының деректерді берудің магистральдық желісінде абоненттің соңғы жабдығының орнына қосылатын №1 бақылау аппараттық құралымен қосылуды ұйымдастыру үшін байланыс арнасы қосылған № 2 бақылау аппараттық құралы орнатылады.

56. Өлшеу процесінің нақтылығын қамтамасыз ету үшін серверді байланыс операторының трафикті айырбастау нүктесінен минималды қашықтықта орналастырған жөн.

2-параграф. Тіркелген байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеуде қолданылатын құралдар

57. Өлшеу құралдары мыналарға бөлінеді:

- 1) бақылаудың аппараттық құралдары;
- 2) портативті компьютерге орнатылатын бағдарламалық бақылау құралдары (ноутбук);
- 3) портативті компьютер (ноутбук).

3-параграф. Тіркелген байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтері сапасының техникалық өлшемдерін өлшеудегі орындау рәсімі

58. Бақылау өлшеулерін жүргізу кезінде бақылау өлшемдерінің сервері ретінде оператордың желісінде орналастырылған тест серверін таңдай отырып, белгіленген

үлгідегі қызметтер сапасының көрсеткіштерін индикациялаудың веб-сервисі қолданылады.

59. Өлшеу ұзақтығы кемінде 600 секунд (10 минут) бақылау өлшеулерін (жүктеме тестілерін) жүргізу арқылы аппараттық-бағдарламалық, аппараттық, бағдарламалық бақылау құралдарын қолдана отырып жүзеге асырылады.

60. Өлшеуді ұйымдастырудың үлгі схемасы осы Әдістеменің 10-қосымшасында келтірілген.

61. Өлшеу нәтижелері бойынша осы Әдістеменің 11-қосымшасына сәйкес есеп қалыптастырылады.

62. Тіркелген байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтері сапасының өлшенетін сипаттамаларына мынадай қосылу өлшемдері жатады:

абоненттің "бастап"/"дейін" бағыттары бойынша арнаның өткізу қабілеті, өлшем бірлігі "Мбит /с";

IP-пакеттердің кідіріс уақыты, өлшеу бірлігі "мсек";

IP-пакеттердің кідіріс уақытының вариациясы (бұдан әрі – джиттер), өлшем бірлігі "мсек";

IP-пакеттердің жоғалуы, өлшем бірлігі "пайыз".

63. Абоненттің "бастап"/"дейін" бағыттары бойынша арнаның өткізу қабілетінің параметрін өлшеу белгілі байттардың санын аппараттық бақылау құралдары арасында екі бағытта да белгіленген уақыт аралығына беру және келесі формула бойынша деректерді берудің өткізу қабілетін есептеу болып табылады:

$$S = \frac{8 \cdot N_{\text{байт}}}{t_{\text{уст}}}, \text{ бит/с,}$$

мұнда $N_{\text{байт}}$ – берілген байттар саны,

$t_{\text{уст}}$ – белгіленген уақыт кезеңі, сек.

64. IP пакеттердің кідіріс уақыты өлшемін өлшеу тест пакеттерін аппараттық бақылау құралдарымен жіберу және одан әрі қабылдау болып табылады. Өлшеу процесінде кемінде 2 аппараттық бақылау құралы (№1 және №2) қолданылады, бұл ретте № 1 аппараттық бақылау құралы әрбір тест пакетіне 1 уақытша белгіні енгізеді және тест пакеттерінің кезектілігін № 2 аппараттық бақылау құралына жібереді. № 2 аппараттық бақылау құралы тест пакеттерін қабылдайды, 2 уақытша белгіні пакетке кірістіреді және оларды кері № 1 аппараттық бақылау құралына жібереді. № 1 бақылаудың аппараттық құралы 1 және 2 уақытша белгілері қойылған тест пакеттерінің кезектілігін алады және 3 уақытша белгісін қояды (екі жақты кідірісті есептеу үшін).

65. i -пакеттің екі жақты кідіріс уақыты мына формула бойынша есептеледі:

$$dT_{yx2i} = dT_{y2i} - dT_{xi},$$

мұнда dT_{yx2i} – i -пакеттің екі жақты кідіріс уақыты.

dT_{xi} – 1 аппараттық бақылау құралының шығуында i -пакетті тест ағынында жөнелту уақыты (пакеттің бірінші уақытша белгісі).

dTy_{2i} – 1 аппараттық бақылау құралының кірісінде тест ағынында i -пакетті қабылдау уақыты (пакеттің үшінші уақытша белгісі).

66. Кідірту уақытының вариация өлшемін өлшеу бақылаудың аппараттық құралдарын пайдалана отырып, бақылаудың аппараттық құралдары арасында жіберілген тест пакеттеріндегі уақытша белгілерді бақылау жолымен жүзеге асырылады.

67. Пакеттердің жоғалу коэффициентінің өлшемдерін өлшеу № 2 бақылаудың аппараттық құралының кіруіне және кері қарай № 1 бақылаудың аппараттық құралынан тестілік пакеттердің дәйектілігін жіберу арқылы бақылау аппараттық құралдарын пайдалана отырып, пакеттердің екі жақты жоғалу коэффициентін анықтау үшін жіберілген және қабылданған пакеттердің санын салыстыра отырып жүзеге асырылады.

4-параграф. Өлшеу қателігінің сипаттамасы және өлшеу нәтижелерінің дәлдігін бақылау

68. Өлшеулерді жүргізу кезінде қателіктің келесі сипаттамалар белгіленеді:

- өлшеу сеансының ұзақтығын өлшеудің рұқсат етілген абсолютті қателігінің шектері, с $\pm 0,5$

- берілген (қабылданған) ақпарат санын өлшеудің рұқсат етілген абсолютті қателігінің шектері, байт

$$K \leq 10 \text{ Мбайт} - 10$$

